

Күні кеше Жайықтың жағасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жетекшілігімен ІІІ ұлттық құрылтай болып өтті. Еліміздің түкпір-түкпірінен зиялы қауым өкілдері жиналған бұл отырыста, қоғамды жайлаған бес кеселмен, атап айтқанда есірткі саудасы және нашақорлықпен, лудоманиямен, тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг және вандализммен, ысырап-шылдықпен бүкіл ел болып күресуге шақырды. Сонымен қатар Президент еліміздің рухани дербестігін сақтап, оны нығайта түсеміз десек, "дәстүрлі дініміз - сунниттік бағыттағы ханафи мәзһабына ден қоюымыз қажет" деп атап көрсетті.

Мемлекет басшысы айтса айтқандай кейінгі кезде еліміздегі түрлі ағымдарға еріп ата дінімізден алыстап кеткен қандастарымыз көбейіп кеткені жасырын емес. Қазір елімізге төнген қауіп осындай түрлі діни радикалды ағымдардан, әсіресе діншілдерден болып отыр. Елімізде күн өткен сайын арабтану процесі күшейіп қарқын алып бара жатқаны сонша, халқымыз ата баба дәстүрін ұмытуға айналды. Араби құндылықтарды дәріптеу жастар арасында араб терминдерін қосып сөйлеу етек алып барады. Соңғы кездері қыз балалардың оранып хиджаб киюі, ұлдарымыз сақал қойып, шалақ шалбармен жүруі кейінгі он жылдағы арабизацияның жемісі екені сөзсіз. Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы кезеңдерде сан түрлі діни ағымдар жан жақтан ағылып келіп жатты. Онсыз да 300 жылдық орыс отаршылдығынан есі шыққан халқымызға, енді арабқа айналу қаупі төне бастады. Бірақ тарихтың қойнауына үңілетін болсақ арабқа айналып дамайып мәшеш өлге айнаған ұлттар аз болмаған.

Мысалы: ирандық, пәкістандық, афғандық, ирактық, сириялық, египеттік, тунистік, алжирлік, ливиялық, марокколық, ливандық елдер тарихта арабтанбаған, арабқа мүлдем қатысы жоқ елдер болатын. Олардың өздеріне тан жоғарғы дәрежедегі еркениеті, мәдениеті болды. Бірақ, уақыт өте келе әсіресе діншілдікке ұрынып, арабқа айналды. Ежелгі тамаша еркениеттің бесігі болған ирандық парсылар араб емес еді. Исламмен танысқалы арабқа айналды. Ирактықтар - бір кезде шумерліктердің, ассириялықтардың, вавилондықтардың қайсар ұрпағы болатын. Кезінде озық мәдениетмен дүниені дүр сілкіндірген ел ақыр аяғында арабқа айналып шыға келді. Тунис, Ливан араб емес ежелгі Карфаген атақты қолбасшы Ганнибалдардың, мықты теңізші финикиялықтардың бел басы еді. Оларда ассимиляцияға ұшырап, жат елдің діні дәстүріне иланып толас тобырға айналды. Сондай-ақ, алжирліктер, ливиялықтар, мароккандықтар - арабқа бес қайнаса сорпасы қосылмайтын ұлт болған. Олар тарихта Туарегтер, Берберліктер болатын. Өкінішке орай айналасы жарты гасырға жетпей арабқа айналып шыға келді. Осылай тізбелей берсек жат елдің дәстүрін қабылдап, хиджаб киіп дамайып қараңғы өлге айнаған елдер қаншама. Кейінгі жылдары әсіресе діншілдік салафизм, вахабизм деген экстремистік ағымдар біз білмейтін неше алуан діни секталар сансыраулақтай қаптап, ел ішінде балалап көбейіп алды. Әлеуметтік желіні қарасаныз пәленбай ұстаз, түгенбай ұстаз дегендер мұқылм жастарды жинап алып уағыз айтып жатады. Айтайтұндары "намаз оқу мен ораза" ұстаудың төңірегіндегі өңімелер. Одан қала берді Пайғамбарлар мен сахабалардың өнегелі өмірін айналасы. Есібір уағызшы оқу оқы, білімге ден қой деп насихат айтпайды. Керісінше жастарды мешіттен ұзатпай ұстап отыру үшін неше түрлі шытырман уағызбен ұлауы. Осының арқасында жастарымыз деген оқу оқып білім қуатын шағында, мешітке барып уағыз тыңдап мақсат-мұратсыз жүрген тобырға айналып бара жатыр. Неге бізден мықты химиктер, физик ғалымдар, инженер, менеджерлер шығай жатыр? Өйткені, жастарда ғылым мен білімге, инновацияға құлшыныс жоқ. Жастардың дені жұмаға барып уағыз тыңдаудан өрі аспай жүр. Қазақстан халықаралық рейтингтерде 102 елдің ішінде 98 орын алады екен. Оның кімтілігіне неде. Сөбебі, білім мен ғылымды дәріптемейміз. Елімізде мектептен мешіт көп. Балаларымыз мектепке сымай елі ауысында білім алып жатса да, Құдай үйін қала сайын, аудан сайын тұрғызып жатыр-

ДІН ҰСТАЙ АЛСАҢ - ҚАСИЕТІҢ, ҰСТАЙ АЛМАСАҢ - ҚАСІРЕТІҢ

(Әсіре діншілдік жайында бірер сөз)



мыз. Білімнің қоғамға пайдасын айтпаймыз. Балаларымызды ҰБТ-дан бап жинай алмайды деп қорқып, тоғыз бітіре сала колледжға қуамыз. Білімге талпындырып, оқы өз біліміңмен жоғары оқу орнына түс деп тәрбиелейміз. Керісінше Алла қаласа түссін, Алланың қолында деп уағыз айтып, балаларымызды білімнен, логикадан алыстатып жібердік. Соның арқасында жастарымыз оқу-оқуды ысырып қойып, Құдайға құлшылық жасап жүр. Исламда оқу оқыма ораза ұста, Алланың жолына түсу үшін білім мен ғылымды тәркт ет деген аят, хадис жоқ. Пайғамбарымыз керісінше оқу оқы, білім кү деген гой. Біз неге әсіре діншілдікке бой алдырып барамыз осы. Қазір діннің өмірлік кредоға айналып бара жатқаны сонша, мешітке барып намаз оқығандары мақтан етіп әлеуметтік желіге салатын қандастарымыз көбейді. Ораза ұстаса оразасын жұртқа міндет қылып қырып кете жаздайтындар тағы бар. Жұмаға шеплек пысырса қыз келіншектер статусына қойып жұртқа жария етіп етуге құмар. Кезінде аталарымыз бен апаларымыз, бес уақыт намаз оқыса да дабыра қылмай, ораза ұстаса жұртқа паш етпей ұстанатын. Қазір бізде бәрі даңғаз мақтанға айналып барады. Тойды дардай қылып халал етіп жасаймыз. Нәтижесінде ұрпағын барып арақ ішіп, қызара бөрткендерді көріп жүрміз. Кейінгі кезде халал сөзін көрінген жерге қыстырып, көтеуін кетіріп болдық. Аузынан арақ мүңкген елдің қымынбай-ақдүкеннен алақ шұжық сұрап тұрғанын көрсекте таң қалмайтын болдық. Одан қала берді қаракез қыздарымыз мешітке некесін қиғанда мәхір сурау деген арақтың салтында бар, қазаққа қатысы жоқ дәстүрді кіргізіп алған. Тансық нәрсенің тез жұғатын әдеті гой қазір қасқайып мешітке көлік мінгіз мәхирге, бриллиант өпер деп шалақайп отырған қыздарды әлеуметтік желіден жиі көріміз. Соңғы кездері мектеп, колледж оқушыларының арасында ораза ұстайтын дәрді саны артып барады. Бесіктен бөлі шықпаған балалардың ораза ұстауы қаншалықты дұрыс деген сұрақты Абай облыстық дін мәселелері орталығының теологы Мақсат Ботаханов мырзаға қойып көрдік. Дінтанушы: "бәлігіатқа толмаған, жас есіпрімдерге ислам діні оразаны міндеттемейді" деп жауап берді. Демек енді есіп, жетіліп келе жатқан жас ағзаға күні бойы аш жүру медициналық тұрғыда өте зиян екенін айтып жатудың өзі артық шығар. Осыны ескеріп муфтиятымыз жасөспірімдерімізге ораза ұстауына тоқтау салып, ортақ пәтуә шығарғаны дұрыс шығар деп ойлаймын. Өрине, жастарымыздың имандылыққа бет бұрып Алланың жолына түскені құптарлық жағдай. Бірақ, тым тақуаланып діндар, сопыға айналып бара жатқаны, ғылым мен білім өкініші орында қалып

бара жатқаны алаңдатарлық жағдай. Жастарымыздың дінге бас ұрғаны сонша, оқу орындарына сақал мен хиджаппен келуге қанша жерден министрлік тарапынан тыйым салынсада, бүркенуден бастартпай зомбига айнаған жастар өте көп. Біздің елде неге дін мемлекеттен алыстап халықты тура жолдан адастырып барады. Жастардың дінге беріліп, бетімен кеткені сонша, Жаңаөзенде болған тойлардың бірінде, жас жұбайлар "жар-жардың" орнына "Бақара" сүресінің 2-аятын қосып шыққаны тик ток әлеуметтік желісінде жарияланды. Жас жұбайлардың жар-жар айту дәстүрінен бас тартып, сүремен келін түсіре бастауы арабқа айналыру процесінің қарқынды жүріп жатқанының белгісі емес пе. Бізге дереу өзіміздің ұлттық идеологиямызды қолға алып, жастарымызды ғылымға, білімге қарай бағыттамақсақ аз уақыттың ішінде талибандардың қоғамына кетіп қалуымыз ғажап емес. Сондықтан осы бастан сырттан ағыл тегіп келіп жатқан арабизациялық ақпаратқа, арабтық мәдениетке тоқтау салуымыз керек. Ресми статистикаға жүгінесек ерлі зайыптылар арасында әйелдерін талақ айтып тастап кету фактісі жиілеген көрінеді.

Біздің арабан алсақта, тәуелсіздікті арабан алған жоқпыз. Арабтың дінін қабылдаған олардың салт дәстүрі, киім үлгісі бізге мүлдем қатысы болмауы тиіс. Қазіргі арабқұлдар халқымыздың гасырлар бойы қалыптасқан дәстүрін, мәдениетін жоққа шығарып, араби шытырман әдепті түс-түстан тықпалап жатыр. Нәтижесі қыздарымыз хиджаб киіп, ұлдарымыз "Маш Аллах", "Беракату" деп шүлдірлеп шыға келді. Онымен қоймай дүмше діншілдер: ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановты сопы, діндар қылып көрсетуде. Әлихан Бөкейханов және басқа да Алаш қайраткерлері еш уақытта ораза ұстап, намаз оқымаған. Оларды намазхан қылып көрсету бүгінгі діни ағымдағы адамдардың өздеріне ыңғайлап шығарып алған ақпаратты. Онымен қоймай Әлихан Бөкейханов жұбайын ислам дініне кіргізіп, қайтыс болғанда мұсылманша жерлеген деген негізсіз өңімелер таратылып. Бұл өтірік ақпарат. Бөкейхановтың жұбайы Елена Севастьянова 1921 жылы Семейде мезгілсіз қайтыс болғанда, марқұмды мұсылманша емес, православие шіркеуінің гүрпымен жерлеген.

Соңғы кездері ақпараттық шабуыл Алаш арыстарына қатысты тым күшейіп кетті. Олардың жалған уағызына иланатындар күн өткен сайын көбейіп, әресе жастар жағы діни көр соқырға айналуға. Бйтесе, өздері қазақ болып туылып, өз елдерінде өмір сүре отырып, өзге елдің салт-дәстүріндегі хиджаб пен михал, паранджа секілді киімдерді рухани кемтар адам болмаса, кезі ашық адам кие

ме. Дінге бет бұрдым екен деп, шалақ шалбар киіп, айрандай ұйып отырған отбасын талақ айтып тастап кету имандылыққа жатпа. Біз алмастан мұсылманбыз. Бірақ араб емеспіз. Бізге Алланың жолына түстім екен деп арабтың дәстүрін қабылда деп шариғатымыз бұйырған жоқ. Имандылыққа бет бұрдым деп балаларына арабша ат қойып арабқа айналып кет деген жоқ жаратқан. Балаларына Ерасыл, Наурызбай, Шақантай деп ат қойған бабаларымыз көштен қалған жоқ. Керісінше жаугершілік заманда өздерін ұлт ретінде сақтап қалды.

Аталарымыз ежелден дініне берік болған. Бес уақыт намазын үзбеген, оразасын ұстаған. Аузынан Алласын тастамаған. Бірақ, құлшылық еттім екен деп шалақ шалбар киіп, жат елдің дәстүрін дәріптеген жоқ. Артындағы ұрпағына дұрыс жолын көрсетіп кетті. Біз сол аталарымыз салып кеткен сара жолдан ауылқып жат елдің қаңсығын таңсық көріп жүрміз. Бұл мақаланы жазуды мақсат дінді, Алланы жоққа шығару емес. Керісінше қандастарымыздың ата дінінен ажырап, басқа елдің салты мен дәстүрінің соңында кетіп бара жатқанына қынжылу. Кезінде Бейжіңді жаулаған Құбылай хан Қытайдың дао ілімі мен дыбыстық әліпбиін ауыстыруға шешім қабылдапты. Сонда қытайдың атақты алты мың данышпаны мен діншілдері хан шешіміне қарсы шығып, қаһарлы ханға қарсы тұрыпты деседі. Ашша мінген Құбылай хан қытай білгірлерін сарайына алдырып былай деп шарт қойыпты. "Біріншісі реформаны қабылдау, сол арқылы өз өмірлерін сақтап қалу, екіншісі ескі жазуы мен діндерінен бастартпау яғни өлу". Ақырында алты мың данышпанның басы бір күнде шабылыпты. Қытайлар осылайша өздерінің көне жазуы мен діни ілімін сақтап қалыпты. Бұл жерде қытай жұртының ата жолына берік екені, дәстүрді сақтап қалу жолында қандай қадамға болсын. Бара алатындығын аңдай-ақ. Өйтсе де асыл дініміз бен ұлттық тәрбиемізді сақтап, оны дәріптеу жолында қытайлар құрлы қауқарымыз жоқпа деп қалам. Ойда орыс, қырда қытай өз діни жоралғысымен жүріп жатқанда біздің қазақ неге арабқа айналуы керек. Бұл бүгінгі қоғамның басы ашық мәселесі.

Сөз соңы, әсіре діншілдік пен шектен тыс тақуалық нағандыққа бастайтын теже жол. Сондықтан соқыр наным-сенімге, шеттен келіп жатқан араби құндылықтарға иланып, ұл-қыздарымызды адастырмайық. Оларға хиджаб киізіп, сақал қидырып, тура жолдан тайдырмайық. Біздің асыл дініміз Ислам соның ішінде ханафи мәзһабы. Біз осы жолдан ауытқымауымыз керек. Сонда ғана елімізде саяси тұрақтылық береке-бірік орнайды.

Нәрілбек ҚАНАҒАТОВ,
әлеуметтанушы